

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
№83 «ЖАНСАЯ» БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК**



**ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ
ҚАБІЛЕТІН ДАМУ**

Бағдарлама

НҰР-СҰЛТАН, 2022

Бағдарлама балабақшаның педагогикалық кеңесінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 2 отырысында қарастырылды (16.11.2021ж. № 2 хаттама)

Пікір берушілер:

Бәделқызы А., педагогика ғылымдарының кандидаты.

Куандык А.Б., Шымкент қаласы Білім басқармасының № 74 «Айдана» б/б жоғары санатты тәрбиешісі.

Құрастырушылар: Кулбаева Н.С., Тультаева Г.Р., Сарыбаева Н.К,

Берденова Б.К. Зерттеу әрекеті арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту. Бағдарлама - Нұр-Сұлтан, 2022.-14 б.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін зерттеу әрекеті арқылы дамыту бағдарламасы орта, ересек, мектепалды даярлық топтарында вариативтік компонентінде қолдануға арналған. Бағдарламада тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар тізімі ұсынылған.

Бағдарлама мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері мен жас мамандарына арналған.

МАЗМҰНЫ

Түсінік хат	3
1. Ортаңғы топтағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспары	5
2. Ересек топтағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспары	6
3. Мектепалды даярлық топтағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспары	7
4. Мектеп жасына дейінгі балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыру ережелері	8
5. Балалардың танымдық қабілетінің дамуын анықтау деңгейлері.....	11
Пайдаланылған әдебиеттер	13

Түсінік хат

Бағдарламаның қажеттілігін негіздеу. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес бала дамуының негізгі деңгейі ретінде мектепке дейінгі білім беруге көзқарас елеулі түрде өзгерді. Бұл жаста бала өзін және өмірдегі өз орнын сезіне бастайды, қарым-қатынас жасауға, басқа балалармен және ересектермен өзара әрекет етуге үйренеді [1].

Баланың қоршаған ортасы әртүрлі болғандықтан, оның жаңа әсерлерге қажеттілігі бар, балалар бәрін білгісі келеді, көптеген сұрақтарға жауап алғысы келеді. Осы себептерге байланысты балабақшамызда зерттеу қызметіне көп көңіл бөлінеді. Эксперименталдық жұмыс баланың табиғатты зерттеуге қызығушылығын тудырады, танымдық қабілеттерін дамытады, жеке тұлға болып қалыптасуына аса зор ықпал етеді.

Сондықтан да балалармен жүргізетін зерттеу әрекетін бағдарлама ретінде ұсынып отырмыз. Бағдарлама Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес құрастырылған. Балалармен жұмыс, жас ерекшеліктеріне сәйкес. Зерттеу әрекеті оқу жоспарының вариативті бөлігіне кіреді және оқу қызметінен бос уақытта үйірме ретінде өткізіледі. Аталған бағдарламада ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтардағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары ұсынылды. Ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтардағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған күнтізбелік жоспарлар көрсетілді. Әр жас топта 36 сағаттан құралыған, аптасына 1 рет.

Зерттеу әрекеті - мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерінің жетілуі мен жеке шығармашылығына бағытталған әрекет. Мұндай әрекет мектеп жасына дейінгі балалардың жеке білім аумағын қалыптастыру арқылы нәтиженің туындауына мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балаларда арнайы білімді қалыптастыруға, жалпы зерттеулік ізденіске қажет білік пен дағдыны дамытуда алуан түрлі бақылаулар мен қарапайым зерттеулер жүргізудің мәні зор.

Танымдық белсенділік баланың психологиялық дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Кішкентай балалардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс. Үнемі бір нәрсені зерттеуге деген талпыныс бала мінезіне тән қасиет. Ол өзін қоршаған ортаны үнемі танып білгісі келеді. Баланың бір нәрсені зерттеп білем деген талпынысы, оны зерттеп оқу іс-әрекетіне итермелейді. Балалармен қарапайым зерттеу әрекетін жүргізудің мақсаты іс-тәжірбе жасау арқылы балалардың танымдық, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамытудың құралы. Балалармен жүргізілетін зерттеу әрекеті балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырады, білімін жетілдіреді, танымдық қабілеттері арқылы мамандық таңдауға, жеке тұлға болып қалыптасуына аса зор ықпал етеді.

Бағдарлама балабақшада балалармен зерттеу әрекетін балабақшада жүзеге асыру жолдарын қарастырған, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарында зерттеу әрекетін тиімді әдіс-тәсілдер пайдалана отырып, балалардың танымдық қабілетін дамыту мақсатын көздейді.

Бағдарлама № 83 «Жансая» балабақшаның 2019-2022 жылдары аралығында үш жылдық эксперименттік алаң жұмыс тәжірибесінен құрастырылды.

Бағдарламаның мақсаты:

Ортаңғы, ересек, даярлық топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуда зерттеу әрекеті арқылы ұйымдастырылған оқу қызметтерін балалардың жас және даму ерекшеліктеріне қарай ұйымдастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Балалардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды тануға деген қызығушылығын ояту
- Зерттеу әрекеті арқылы қабылдау, есте сақтау, зейін, қиял, ойлау қабілеттерін дамыту
- Зерттеу әрекеті барысында балалардың өз бетімен әрекет жасауға үйрету

- Балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруда топпен бірлесе жұмыс жасау дағдысын жетілдіре отырып, тілін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Зерттеу әрекеті барысында қолданылатын әдістер: баланың өзінің шығармашылық зерттеу ізденісінің арқасындағы танымдылық жолы. Оның негізгі құраушылары – проблемаларды айқындау, болжам жасау және қалыптастыру, бақылау, тәжірибе, эксперимент және осылардың негізінде пайымдау мен қорытынды жасау.

Репродуктивті әдістер: Түсіндірмелі - көрнекі әдіс. Бұл әдісте, тәрбиеші дайын ақпараттарды көрнекі құралдар арқылы балаға хабарлайды. Репродуктивті әдістің бұл түрі – балаларға келесідегідей кадам жасауға жол ашады.

Продуктивті әдістер: Жекелей ізденеу (эвристикалық) әдісі. Зерттеу әдісінің негізін оқу нұсқасына қарағанда, жекелей ізденеу – әдісін оқыту барысында балаға ойлау қабілеттерінің дамуына жол ашады.

- проблемаларды көріп және сұрақтар қоя білу;
- өз дәлелдерін айта білу;
- өзі ұсынған фактілерден қорытынды шығару;
- зерттеу кезінде өз ойын тексеріп болжам айта білу.

Зерттеу әдісін іс-әрекет барысындағы бала танымының негізгі жолдары деп қарастыруға болады

Бағдарлама бөлімдері:

1. Ортаңғы топтағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспары ұсынылды. Жоспар 36 сағаттан, аптасына 1 сағатты қамтиды. Су, табиғат құбылыстары, қоршаған ортадағы заттарға қарапайым зерттеу жүргізу көзделген.

2. Ересек топтағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспары балалардың жас

ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылды. Жоспар 36 сағаттан, аптасына 1 сағатты қамтиды. Зерттеу әрекетіне алынған тақырыптар орта топтан қарағанда күрделеніп берілді.

3. Мектепалды даярлық топтағы балаларға зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспары. Жоспар 36 сағаттан, аптасына 1 сағатты қамтиды. Тақырыптар негізінде балалар өз жастарына сай зерттеу әрекеті кезінде тереңірек зерттеп талдауға үйренеді.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар зерттеу әрекеті арқылы қоршаған ортадағы затта мен құбылыстардың ерекшеліктері, сипаты жайында толық мағлұмат алады

- Зерттеу әрекеті барысында қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттері жетіле түседі

- Заттар мен құбылыстарға жасалған зерттеулер барысында өз ойын тәжірибе тұрғысынан дәлелдей білуді үйренеді

- Зерттеу әрекеті кезінде топпен, шағын топпен жұмыс жасау барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауға дағдыланып, өз ойларын еркін айту арқылы тілдері дамиды.

**1. Ортаңғы топтағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспар
(36 сағат, аптасына 1 сағат)**

Мерзімі	Айлық тақырыбы	Апталық тақыраптар	Мақсаты	Өткізілетін күні
Қыркүйек	«Сиқырлы су»	1. «Су тіршілік көзі» 2. «Судың дәмі» 3.«Судың буға айналуы» 4. «Судың қасиеті»	Тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру.	01.09.20 08.09.20 15.09.20 22.09.20
Қазан	«Тұздың қасиеттері»	1.«Тұздың дәмі» 2. «Тұздың түрлері» 3. «Тұздың қасиеті» 4. «Тұздың адамға пайдасы қандай?»	Тұз туралы түсінік беру арқылы тұздың адам ағзасына пайдасын айқындап көрсету.	29.09.20 06.10.20 13.10.20 20.10.20
Қараша	«Табиғат пен ғылым»	1. «Жарық дегеніміз не?» 2. «Магниттің қасиеттері» 3. «Жанар тау» 4. «Бұлт және жаңбыр жасаймыз»	Табиғат пен ғылымды салыстыру арқылы балалардың қызығушылығын ояту.	03.11.20 10.11.20 17.11.20 24.11.20
Желтоқстан	«Аспан әлемі»	1. «Күн көзі» 2. «Айды зерттеу» 3.«Жұлдыздар» 4.«Кемпірқосақ»	Аспан әлемімен таныстыру арқылы балалардың ой-өрісін дамыту.	08.12.20 22.12.20 29.12.20 05.01.20
Қаңтар	«Жер-Ана» (жанды табиғат)	1.«Саңырауқұлақ» 2. «Гүлдер» 3. «Ағаштың	Табиғаттың екі түрі болатыны жайлы түсінік	12.01.21 19.01.21 26.01.21

		түрлері»	беру.	
Ақпан	«Табиғат құбылысы»	1. «Ауа арқылы суды ұстау» 2. «Мұз, қармен тәжірибе жасау» 3. «Қар» 4. «Жаңбыр»	Балаларға табиғат құбылыстарымен таныстыру арқылы табиғатқа деген қызығушылығын ояту.	02.02.21 09.02.21 16.02.21 23.02.21
Наурыз	«Ұлттық тағамдар және бұйымдар»	1.«Оюмен танысу» 2. «Құрттың қасиеті» 3. «Наурыз көже неден жасалады?» 4. «Ұлттық әшекейлер»	Ұлттық тағамдар мен бұйымдардың құрамын, қасиетін, пайдасын түсіндіру.	02.03.21 09.03.21 16.03.21 30.03.21
Сәуір	«Сиқырлы бояулар құпиясы»	1. «Көпіргіш» 2. «Сабынды көпіргіштер» 3. «Бояулар құпиясы» 4. «Майшам»	Балалардың сенсорикалық қабілеттерін дамыту.	06.03.21 13.04.21 20.04.21 27.04.21
Мамыр	«Жер-Ана» (жансыз табиғат)	1. «Құмды зерттеу» 2. «Тастың түрлері» 3. «Топырақ» 4. «Тау»	Балаларға жансыз табиғат туралы түсінік беру арқылы табиғаттың түрлерін ажырата білуді түсіндіру.	04.05.21 11.05.21 18.05.21 25.05.21

**2. Ересек топтағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақыпыртық-күнтізбелік жоспар
(36 сағат, аптасына 1 сағат)**

Мерзімі	Айлық тақырып	Апталық тақырыптар	Мақсаты	Өтетін күні
Қыркүйек	«Сиқырлы су»	1. «Суға зерттеу» 2. «Су дыбыстары» 3.«Су мен топырақ» 4. «Салқын су қайнай алады ма?»	Тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру.	01.09.21 08.09.21 15.09.21 22.09.21
Қазан	«Тұздың қасиеттері»	1.«Тұздың кереметі» 2. «Тұздың түрлері» 3. «Тұздың қасиеті» 4. «Тұздың адамға пайдасы неде?»	Тұз туралы түсінік беру арқылы тұздың адам ағзасына пайдасын айқындап көрсету.	29.09.21 06.10.21 13.10.21 20.10.21
Қараша	«Табиғат пен ғылым»	1. «Жарық дегеніміз не?» 2. «Магниттің қасиеттері» 3. «Магниттің түрлері»	Табиғат пен ғылымды салыстыру арқылы балалардың қызығушылығын	27.10.21 03.11.21 10.11.21 17.11.21

		4. «Тірі көленке»	ояту.	
Желтоқсан	«Аспан әлемі»	1. «Аспан әлеміне саяхат» 2. «Айды зерттеу» 3.«Жұлдыздар» 4.«Ғаламшармен танысу»	Аспан әлемімен таныстыру арқылы балалардың ой-өрісін дамыту.	08.12.21 15.12.21 22.12.21 29.12.21
Қаңтар	«Жер-Ана» (жанды табиғат)	1.«Құмырсқа тұнбасы» 2. «Гүл туралы түсінік беру» 3. «Ағаштың түрлерімен таныстыру» 4.«Шөптің құрлымы зерттеу»	Табиғаттың екі түрі болатыны жайлы түсінік беру.	05.01.22 12.01.22 19.01.22 26.01.22
Ақпан	«Табиғат құбылысы»	1. «Жылы ауа» 2. «Мұз, қармен тәжірибе жасау» 3. «Мұз текшесін кесіңіз» 4. «Жаңбыр және оның түрлері»	Балаларға табиғат құбылыстарымен таныстыру арқылы табиғатқа деген қызығушылығын ояту.	02.02.22 09.02.22 16.02.22 23.02.22
Наурыз	«Ұлттық тағамдар және бұйымдар»	1.«Оюмен танысу» 2. «Құрттың түрлері» 3. «Көженің қасиеті» 4. «Сырғаның түрлері»	Ұлттық тағамдар мен бұйымдардың құрамын, қасиетін, пайдасын түсіндіру.	02.03.22 09.03.22 16.03.22 30.03.22
Сәуір	«Сикырлы бояулар құпиясы»	1. «Көнілді бояулар» 2. «Түсті толқындар» 3. «Бояулар сыры» 4. «Бояумен сарласу»	Балалардың сенсорикалық қабілеттерін дамыту.	06.04.22 13.04.22 20.04.22 27.04.22
Мамыр	«Жер-Ана» (жансыз табиғат)	1. «Құмды зерттеу» 2. «Тасты зерттеу» 3. «Топырақ» 4. «Тау»	Балаларға жансыз табиғат туралы түсінік беру арқылы табиғаттың түрлерін ажырата білуді түсіндіру.	04.05.22 11.05.22 18.05.22 25.05.22

3. Мектепалды даярлық топтағы балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыруға арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспар (36 сағат, аптасына 1 сағат)

Мерзімі	Айлық тақырып	Апталық тақырыптар	Мақсаты	Өтетін күні
Қыркүйек	«Сыйқырлы су»	1. Судың қасиеті 2. Судың боялуы 3. Су таразысы 4. Су жылы, ыстық, суық болады	Балаларды қарапайым зерттеу әдістеріне тарту, жансыз табиғаттың қасиеттерін зерттеу.	02.09.2020 09.09.2020 16.09.2020 23.09.2020
Қазан	«Тұздың қасиеті»	1. Тұздың қасиеті 2. Тұз астың дәмін келтіреді	Тұздың қасиетін анықтау, тұзға тәжірибе жасау.	30.09.2020 07.10.2020

		3.Тұздың пайдасы 4.Тұздың дәмі		14.10.2020 21.10.2020
Қараша	«Табиғат пен ғылым»	1.Магнит 2.Жарық 3.Көлеңке 4.Қараңғы	Қараңғылық көлеңке жарық туралы түсінік беру.	28.10.2020 04.11.2020 11.11.2020 18.11.2020
Желтоқсан	«Аспан әлемі»	1.Аспан әлемі 2.Жұлдыздар әлемі 3. Күн сәулесі 4. Жер планетасы	Аспан әлемінмен таныстыру, анықтама беру.	02.12.2020 09.12.2020 23.12.2020 30.12.2020
Қаңтар	«Табиғат әлемі» (Жанды табиғат)	1.Жәндіктер әлемі 2.Ағашты отырғызайық 3. Өсімдік әлемін қалай сақтауға болады? 4.Гүлдер сыр шертеді	Табиғатқа қамқорлық жасауға, оларға тәжірибие жасау арқылы мағлұмат беру.	06.01.2021 13.01.2021 20.01.2021 27.01.2021
Ақпан	«Табиғат құбылысы»	1.Ауа 2.Ауаны іздеу 3. Қағаз жолағына ауа әсер ете ме? 4.Жаңбыр	Табиғи құбылыстардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру .	03.02.2021 10.02.2021 17.02.2021 24.02.2021
Наурыз	«Ұлттық тағамдар және бұйымдар»	1.Құрт 2.Айран 3. «Жүннен жасалған бұйымдар» 4.Текеметке жүннен ою жапсыру	Қазақ халқының ұлттық тағамдары мен бұйымдары туралы мағлұмат беру	03.03.2021 10.03.2021 17.03.2021 24.03.2021
Сәуір	«Сыйқырлы бояулар құпиясы»	1.Бояулар бізде қонақта 2.Бояулар патшалығына саяхат 3.Сырлы бояу сыр шертеді 4.Сыйқырлы бояулар ойыны	Балаларға түрлі түсті бояуларды бір-бірлеріне қоса отырып, олардан басқа түсті шығаруды көрсету, тәжірибие жасату.	31.03.2021 07.04.2021 14.04.2021 21.04.2020
Мамыр	«Табиғат әлемі» (Жансыз табиғат)	1.Тастар сыр шертеді 2.Құмның боялуы 3.Ақ құм 4.Ғажайып құм	Балалар құммен тастарды бір-бірінен тәжірибие арқылу ажыратуға үйрету	05.05.2021 12.05.2021 19.05.2021 26.05.2021

4. Мектеп жасына дейінгі балалармен зерттеу әрекетін ұйымдастыру ережелері

1. Қарапайым зерттеулерді кеңістіктікте ұйымдастыру кез келген табиғат объектісі әрбір балаға барынша қол жетімді болатындай болуы тиіс. Әрбір нақты жағдайда тәрбиеші балалардың қандай саны бір уақытта байқауға қатыса алатынын, олардың барлығы бір қатарда болуы үшін оларды қалай орналастыру керектігін ойлайды. Баланың табиғат туралы сенсорлық

ақпаратты өз бетінше алуға мүмкіндігі болуы тиіс (заттың сипатын сезіну, пішінін, температурасын, объектінің ауырлығын анықтау, одан шығатын дыбыстарды есту, иісін сезіну).

Тәрбиеші балалардың көргендерін ауызша білдіреді, бірақ сөз қабылдағаннан кейін жүруі тиіс - тек бұл жағдайда балада толыққанды білім қалыптасады.

2. Кез келген объектілерді қабылдау қысқа болуы тиіс, өйткені бақылау - бұл көңіл бөлуді, ерік күшін, ақыл - ой кернеуін талап ететін психикалық, зияткерлік қызмет. Бақылау кезінде сөйлесуге, ойнауға, заттарды айла - шарғы жасауға болмайды. Балалардың қарқынды ақыл - ой қызметі үшін оңтайлы уақыт 3-10 минут, осы уақытпен бақылау шектеледі.

3. Зерттеу белгілі бір схема бойынша қалыптасады: басы, негізгі бөлігі және соңы. Алдымен балаларды жинап, олардың назарын аудару керек. Оң эмоциялар тудыратын келесі әдістерді қолдану жақсы және тәрбиешіге мұқият болуға дайындық:

- бірге қызықты нәрсе көруге шақыру;
- сүйкімді интонация;
- жұмбақ - сипаттама, жұмбақ - бақылау мәні туралы іс - әрекет.

Негізгі, сенсорлық ақпаратты өз бетінше алуды қамтамасыз етеді. Педагог зерттеп отырған затқа қарап, 2-3 секундта кідіріспен сұрақтар қояды. Бұл кезде үнсіздік және тыныштық сақталады. Бақылаудағы басты сәт - олар балаларға сұрақтарға жауап іздеуге көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Негізгі бөлігі біртұтас болуы керек. Оны әңгімелермен, түсіндірмелермен, өлеңдермен, ойындармен, жұмбақтармен үзуге болмайды. Логикалық таңдалған әрекеттер мен қозғалыстарды пайдалануға болады. Мысалы, екі секундтан кейін балаларға балықтың аузын қалай ашып, жабатынын, құстың көзін қалай жабатынын көрсету, балалардың не сезінетінін сұраңыз. Әрекеттермен табысты ұштасқан бақылау ақпарат алуды жеңілдетеді. Байқау соңында тәрбиеші өлеңдер оқиды, ән айтады, ойнайды, байқалатын нысан туралы жұмбақтар жасырады.

4. Зерттеуге арнайы дайындық қажет. Кейбір жағдайларда өз бетінше бақылау үшін тапсырмалар беріледі: тыңдау, құс ән айту, қандай дыбыстар шығарады және т. б. Тәжірибе – арнайы жасалған жағдайларда ұйымдастырылған бақылаудың ерекше түрі. Балаларды оқу қызметінде, серуенде немесе табиғат бұрышында және балабақша учаскесінде күрделі емес тәжірибелерді өткізуге тарту қадағалау мен қызығушылықты дамыту, табиғат объектілері мен құбылыстарына белсенді және дұрыс қарым-қатынасты тәрбиелеу үшін өте маңызды.

5. Қарапайым тәжірибелердің көмегімен балаларға судың қатуы, қар мен мұздың суға айналуы, кемпірқосақтың пайда болуы және т.б. сияқты құбылыстарды көрсетуге болады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға танымдық-зерттеу қызметі баланың танымдық уәждері, заттардың қалай жасалғанын түсіну, әлем туралы жаңалықты білу, өмірдің

кандай да бір саласы туралы өз түсініктерін ретке келтіру ниеттері бар ерекше іс - әрекетіне негізделеді.

6. Мектепке дейінгі баланың қоршаған ортаға деген қызығушылығы, барлық жаңалықтарды игеруге деген ықыласы - таным қабілеттерінің қалыптасуының негізі. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында ойын іс-әрекетімен қатар, баланың тұлғасын дамытуда білім, білік, дағды меңгеру үдерісі сияқты танымдық іс-әрекет үлкен маңызға ие. Қоршаған ортаны танып, бала тек затты қарап қана қоймай, ұстап көреді, иісін, дәмін көрумен бірге, талдау, біріктіру, қортынды жасау т.б. әрекеттер бірлесе жүргізіледі.

Эксперименталды зерттеушілердің барлығы балалардың танымдық іс-әрекетінің негізгі ерекшеліктерін ерекшелеп көрсетеді: бала онымен практикалық іс-әрекет барысында объектіні таниды, бала жүзеге асыратын практикалық іс-әрекеттер танымдық, бағдарлы-зерттеу қызметін орындайды, онда осы объектінің мазмұны ашылады. Балаларда тұтас әлемдік ойлау негіздерін қалыптастыру процесінде жүйелі көзқарас жүзеге асырылатын болады.

Зерттеу әдісінің басты құндылығы - балаларға зерттелетін объектінің әр түрлі жақтары туралы, оның басқа объектілермен және мекендеу ортасымен өзара қарым- қатынасы туралы нақты түсінік береді. Зерттеу барысында баланың жадысын байыту жүріп жатыр, оның ойлау процестері белсендіріледі, өйткені талдау және синтездеу, салыстыру және жіктеу, жинақтау және экстраполяция операцияларын жасау қажеттілігі үнемі туындайды. Көргені туралы есеп беру, анықталған заңдылықтар мен қорытындыларды қалыптастыру қажеттілігі сөйлеу дамуын ынталандырады. Салдары баланы жаңа фактілермен таныстыру ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой біліктері ретінде қарастырылатын ақыл - ой тәсілдері мен операциялар қорын жинақтау болып табылады. Балалар заттарға, құбылыстарға тәжірибе жасауды жақсы көреді. Бұл оларға көрнекі - пәрменді және көрнекі - бейнелі ойлау тән және басқа әдіс ретінде эксперимент жасау осы жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Мектепке дейінгі жастағы ол жетекші, ал алғашқы үш жылда зерттеу - әлемді танудың жалғыз тәсілі болып табылады.

Балалар эксперименті арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет ретінде мектепке дейінгі жастағы бала әлемінің тұтас суретін және қоршаған ортаны мәдени тану негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді. Эксперименттік жұмыс балалардың табиғатты зерттеуге қызығушылығын тудырады, ойлау операцияларын дамытады (талдау, синтездеу, жіктеу, қорыту), баланың танымдық белсенділігін және қызығушылығын ынталандырады.

5. Ортаңғы топ балаларының танымдық қабілетінің дамуын анықтау деңгейлері

Бірінші деңгей - зерттеу әрекетіне деген қызығушылықтары төмен. Көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сезім түйсіктері бойынша зерттеу барысында

жиі кателеседі. Жүргізілген зерттеу жұмыстарын есте сақтауы төмен. Педагогтың көмегімен есіне түсіреді. Зерттеу әрекетіне қатысты заттарды, тапсырмаларды қиындықпен орындайды. Зейін қоюлары төмен. Қабылдау, есте сақтау қабілеттері төмен.

Екінші деңгей – зерттеу әрекетіне деген қызығушылықтары төмен. Көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сезім түйсіктері бойынша зерттеу барысында кейде кателіседі. Жүргізілген зерттеу жұмыстарын есте сақтауы орташа. Кейбір зерттеу барысында тәрбиешінің көмегін қажет етеді. Зерттеу әрекетіне қатысты заттарды, тапсырмаларды орындаған кезде нұсқауды қажет етеді. Зерттеу әрекеті барысында немен айналысып жатқандығын сұраса қысқа жауап қайтарады. Қиялының дамуы орташа деңгейде.

Үшінші деңгей - зерттеу әрекетіне деген қызығушылықтары жоғары. Көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сезім түйсіктері бойынша зерттеу барысында жоғары белсенділік танытады. Жүргізілген зерттеу жұмыстарын есте сақтай алады. Педагогтың көмегімен есіне түсіреді. Зерттеу әрекетіне қатысты заттарды, тапсырмаларды оңай орындайды. Танымдық қабілеттері жоғары дамыған.

Ересек топ балаларының танымдық қабілетінің дамуын анықтау деңгейлері

Бірінші деңгей – қоршаған ортадағы заттарды, табиғат құбылыстарын тануға деген қызығушылықтары төмен. Зерттеген заттарды тәрбиешінің көмегімен есіне түсіреді. Зерттеу әрекетіне қатысты заттарды, құбылыстарды салыстыруды, заттарды топтастыруды қиындықпен орындайды. Зерттеу әрекеті барысында немен айналысып жатқандығын сұраса қиналады. Қиялының дамуы төмен деңгейде.

Екінші деңгей – қоршаған ортадағы заттарды, табиғат құбылыстарын тануға деген қызығушылықтары үнемі құбылып отырады. Зерттеген заттарды тәрбиешінің көмегімен есіне түсіреді, алайда сұрақ қойса айтып бере алады. Зерттеу әрекетіне қатысты заттарды, құбылыстарды салыстыруды, заттарды топтастыруды нұсқау арқылы орындайды. Зерттеу әрекеті барысында немен айналысып жатқандығын сұраса қысқа жауап қайтарады. Қиялының дамуы орташа деңгейде.

Үшінші деңгей – қоршаған ортадағы заттарды, табиғат құбылыстарын тануға деген қызығушылықтары жоғары. Зерттеген заттары туралы толық айтып бере алады. Зерттеу әрекетіне қатысты заттарды, құбылыстарды салыстыруды, заттарды топтастыруды бірден түсініп орындайды. Зерттеу әрекеті барысында немен айналысып жатқандығын сұраса толық түсіндіріп айтып бере алады. Танымдық қабілеттерінің дамуы жоғары.

Мектепалды даярлық топ балаларының танымдық қабілетінің даму деңгейін анықтау

Бірінші деңгей - қоршаған ортадағы заттардың түстерін, көлемін, қасиетін, табиғат құбылыстарын ерекшеліктерін қарапайым зерттеу

жүргізу арқылы қабылдау барысында қиындықтарға тап болады, ересектердің көмегін қажет етеді. Зерттеу әрекетіне деген қызығушылықтары төмен. Көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сезім түйсіктері бойынша зерттеу барысында жиі қателіседі. Жүргізілген зерттеу жұмыстарын есте сақтауы төмен. Педагогтың көмегімен есіне түсіреді. Зерттеу әрекетіне қатысты заттарды, құбылыстарды салыстыруды, заттарды топтастыруды қиындықпен орындайды. Зерттеу әрекеті барысында немен айналысып жатқандығын сұраса қиналады. Қиялының дамуы төмен деңгейде.

Екінші деңгей – қоршаған ортадағы заттардың түстерін, көлемін, қасиетін, табиғат құбылыстарын ерекшеліктерін қарапайым зерттеу жүргізіп текеріп көру арқылы қабылдау барысында үлкендердің нұсқауын қажет етеді. Зерттеу нысанына қызығушылығы орташа деңгейде. Көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сезім түйсіктері бойынша зерттеу барысында қателіктер орыналады. Кейбір зерттеу әрекеттеріне қызығушылық танытады, кейбір кезде немқұрайлық байқалады. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының кейбір тұстарын есте сақтайды. Зерттеу әрекетіне қатысты заттарды, құбылыстарды салыстырыруда, топтастыруда кейбір жағдайда үлкендердің нұсқауы арқылы орындайды. Зерттеу әрекеті барысында немен айналысып жатқандығын сұраса қысқа жауап қайтарады. Қиялының дамуы орташа деңгейде.

Үшінші деңгей - қоршаған ортадағы заттардың түстерін, көлемін, қасиетін, табиғат құбылыстарын ерекшеліктерін көру, сияп сезу, қарапайым зерттеу жүргізіп текеріп көру арқылы қабылдай алады, ұзақ уақыт бойына есте сақтайды. Заттарды, құбылыстарды ұқсастығына, қасиеттеріне қарай салыстырады, заттарды біріктіру және бөлшектерден ажырату бойынша анализ және синтез жасайды. Зерттеу кезінде көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сезім түйсіктерінің жоғары деңгейде дамығандығы байқалады. Зерттеу әрекеті барысында үлкендердің сұрағына жауап беріп, қандай әрекетпен айналысып жатқандығын айтып береді. Үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасы жоғары деңгейде. Зерттеу нысанына қызығушылық назарын толық аударады. Сөздік қоры мол, өзін еркін ұстайды. Қиялының дамуы жоғары деңгейде. Зерттеу барысында өз қиялы бойынша әр түрлі зерттеу әдістерін ойлап табады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
2. Әдістемелік ұсынымдар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру жағдайында балалардың жобалау зерттеу әрекеті» – Астана, Мектепке дейінгі балалық шақ орталығы. – Астана, 2017.
3. Баймұратова Б. Біздің кітап. – Алматы, 2007.-54 б.
4. Веракса Н.Е. Проектная деятельность дошкольников. – Москва, 2010.-180 б.
5. Савенков А. И. Методика проведения учебных исследований в детском саду. – Самара, 2004. - 32 б.
6. Мартынова Е.М. Сучкова И.М. Организация опытно-экспериментальной деятельности детей 2-7 лет. – Волгоград, 2011.- 333 б.
7. Нищева Н.В. Организация опытно-экспериментальной работы в ДОУ. Тематическое и перспективное планирование работы в разных возрастных группах. – Санкт-Петербург, 2015.- 240 б.
8. Машкова С.В. Познавательно-исследовательские занятия с детьми 5-7 лет на экологической тропе. – Волгоград, 2013.- 185 б.
9. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2008,- 336 б.
10. М.П. Костюченко. Исследовательская деятельность на прогулках. Экологические занятия с детьми 5-7 лет. – Москва, 2013.- 87 б.
11. Е.В Лосева. Развитие познавательно-исследовательской деятельности у дошкольников. Из опыта работы. – Санкт-Петербург, 2013.-125 б.
12. Н.В. Нищева. Познавательно-исследовательская деятельность как направление личности дошкольника. Опыты, эксперименты, игры. – Москва, 2015,-250 б.
13. Е. Өтетлеуов. Жыл он екі ай. – Алматы, 2006.
14. Ә. Ысқабаев. 777 жұмбақ. – Алматы, 1994. -92 б.